

ҮК	Қазақ тілі 7.9.11.2023
Міндеті	Міндеті: Балаларға өздері тұратын қалалары туралы түсінік беру. Балалардың қала көшкелері туралы білімдерін бекіту, өзінің тұратын қаласы жайлы мағлұмат беру. Қала көшелерін құрастыруға қажетті заттарды дұрыс қолдануға және жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жаңа сөздермен таныстыру барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Сөздер: қала, ауыл, көше, жүру.
Көрсекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніңдер.
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен олардың өздері тұратын қалалары туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен өзіміз тұратын қаламыз туралы әңгімелесеміз. «Ғажайып сөздер» ойыны арқылы өткен жемістер тақырыбын еске түсіреміз. Жемістер мен көкөністерді екі себепке салып бөлеміз. Ойын «Сұрақ-жауап» — Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.) — Қай қалада тұрасың? (Атбасар қаласында тұрамыз.) — Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады). — Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішікентай үйде тұрамын). — Үйдің нөмірі қандай? Педагог екі баланы шақырып, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO-ны пайдаланып, бір үй тұрғызуға тапсырма береді. Өздерінің жасаған үйлері туралы өткен тақырыптағы сөздерді пайдаланып әңгіме жүргізеді. -Бұл үйде кім тұрады? (отбасы мүшелерін айтқызу) -Бұл үйдің есігі қай жағында? - Бұл үйдің терезесін көрсет. Сурет бойынша жұмыс. — Мынау – ауыл. Мынау не? — Мынау – ауыл (жеке-жеке жауап береді). т.б. Сергіту сәті. Дөңгелек тұрайық. Керегені құрайық. Уық болып киіліп, Шаныраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. Үлестірімелі суреттермен жұмыс «Кімде не бар?» суреттегі заттарды атап, көрсетеді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 7.11.2023 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева